

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 11 (978) 8 наурыз 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

МЕЙІРІМ МЕН СҰЛУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АНАЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ ӘЙЕЛДЕР!

Сіздерді көктемнің әсем мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің алғашқы күндерімен қатарласа келетін бұл мереке терең мағынаға ие. Мейірімділік, сүйіспеншілік, нәзіктік пен сұлулықтың нышаны, жалпы өмірдің өзі нәзік жандардан бастау алады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттік жастар кадрлық резервінің форумында сөйлеген сөзінде мемлекеттік қызметтегі әйелдер санын көбейтуді алға тартты, өйткені олар «жұмысқа аса мұқият» әрі өз міндеттеріне аса жауапкершілік танытады деген пікірін білдірді.

«Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді», – деген аталы сөз бар.

Жаны нәзік болса да, жігері мықты, қамқоршыл әйелдер – шаңырақтың тірегі, ер адаммен қатар еңбектеніп жүр. Бүгінде сіздер басқа да көптеген әлеуметтік рөлдерге ие болдыңыздар. 21 ғасырда кәсіби қызметкерлер, табысты іскер әйелдер, меценаттар және қоғам қайраткерлері ретінде қоғамның дамуына үлес қосып келесіздер. Сонымен қатар, әрқашан сүйкімді және тартымды болып, сұлу бейнелеріңізді ешқашан жоғалтқан емессіздер. Сіздер қажырлы еңбек, белсенді өмірлік ұстаным және іске жауапкершіліктің арқасында өңіріміз биік белестерден көрінуде.

Құрметті әйелдер! Бойларыңыздағы жігер, даналық пен сүйіспеншілік еселенген сайын сіздермен бірге ең жоғары жетістіктерге жететінімізге сенімдімін.

Сіздерді осы тамаша мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Жанарларыңыз қашанда қуаныш пен бақытқа толып, еңбекте және өмірде жолдарыңыз ақ және сәтті болуына, отбасыларыңыз бен жақындарыңыздың сүйіспеншілігі мен назарында жүрулеріңізге тілектеспін!

Ғауез Нұрмұхамбетов,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі



УВАЖАЕМЫЕ СЕВЕРОКАЗАХСТАНЦЫ! ДОРОГИЕ ЖЕНЩИНЫ!

Сердечно поздравляю вас с замечательным весенним праздником – Международным женским днем!

Символично, что вместе с началом весны мы встречаем этот прекрасный праздник. Именно женщина несет в себе доброту, любовь, нежность и красоту, дарит миру новую жизнь. Выступая на форуме президентского молодежного кадрового резерва, Глава Государства призвал увеличить число женщин на госслужбе. Касым-Жомарт Тоқаев отметил, что они более внимательны к работе и ответственнее подходят к выполнению своих обязанностей.

«Женщина одной рукой качает колыбель, второй – мир», – говорили наши предки.

Сегодня женщина по-прежнему умело совмещает миссию матери, супруги, дочери и сестры. Вместе с тем, у вас появилось много иных социальных ролей. В 21 веке вы проявляете себя как профессиональные сотрудники, успешные бизнесвумен, филантропы, общественные деятели. При этом, всегда оставаясь обаятельными и привлекательными, олицетворением всего прекрасного. Ваш ежедневный труд, активная жизненная позиция и неравнодушное отношение к делу являются важной частью достижений Северо-Казахстанской области.

Дорогие женщины! Уверен, что благодаря вашей энергии, мудрости и любви, мы достигнем самых высоких свершений.

Искренне поздравляю вас с этим прекрасным праздником! Желаю, чтобы ваши глаза всегда сияли от радости и счастья, на работе и в жизни вас ждали только удача, а дома – любовь и внимание близких.

Ғауез Нұрмұхамбетов,
Аким Северо-Казахстанской области.

Ардақты аналар!

Қымбатты қыз-келіншектер!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл көктемнің алғашқы мерекесі, ана қолының жылуы сияқты жүрегімізді жылытады. Аналарымыз бен сүйкімді аруларымыздың адал еңбегі мен ерекше маңыздылығын мойындау – осы бір айтулы мерекенің нышаны іспеттес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, еліміз ауқымды өзгерістерге толы жаңа кезеңге аяқ басты. Осы ретте орын алған бұл жаңашылдықтарға нәзік жандыларымыздың да қосатын үлесі зор екені айқын. Бұл күні әртүрлі салада қызмет еткен еңбек ардагерлерін де атап өткеніміз жөн болар. Біз сіздердің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан еңбек үлестеріңізді жоғары бағалаймыз. Жанқиярлықпен жұмыс жасай отырып, сіздер ұрпақтар сабақтастығы мен отбасылық құндылықтарды сақтап келесіздер. Олардың қатарында «Еңбек даңқы», «Қызыл ту» ордендерінің иегері, әйел механизатор, халық депутаты, ауданымыздың құрметті азаматы Қазиза Кеңесбайқызы да бар. Әлбетте, бір қолмен әлемді, бір қолмен бесікті тербетіп жүрген нәзік жандыларымыздың орны ерекше. Бүгінгі таңда Тайынша ауданында жеті жүзден астам көп балалы ана өмір сүреді. Олар «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр ана» белгілерімен марапатталғандар. Ерлермен қатар иық тіресіп, қызмет етіп жүрген әйелдеріміз де әрдайым мақтауға лайық.

Қымбатты аналар! Ардақты қыз-келіншектер! Осындай шуақты мерекеде Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, еңбектеріңізге табыс, мол қуаныш, баянды бақыт, шабыт тілеймін! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі

Ана – бақыт, ана- жыр!
Жақсылықтың жанында
Әрқашанда Ана жүр!

Ана – деген күн шуағым нұрымсың,
Әрқашанда жырлап өтер жырымсың.
Ана – деген үш әріптен тұратын,
Ана сөзі құдіретті пірімсің.

Бұл өмірде аяулы жан аналар,
Үйге шауақ төгетін де аналар.
Ұмай ана көк түріктің сыйынған,
Бұл өмірдің шапағаты аналар.

Ей адамдар қадірлеңдер ананы,
Тербетіп тұрған сан мың мынау ғаламды.
Теңдесі жоқ дара тұлға өмірде,
Қадірлейік, аялайық ананы.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАНА АНАЛАРЫН БІЛЕМІЗ БЕ!?

Сан ғасырдан бері қалыптасып келе жатқан қазақтың рухани жан дүниесіндегі ерекше қасиеттерінің бірі – ана мен қыз балаға деген шексіз құрмет көрсету тәрбиесі еді. Мұны ананың қоғамдағы ерекше орны мен сипатын бағалай білген ұлтымыздың ешкімге ұқсасмас бірегей қасиеті деп ұғынған жөн. Қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен ерлігімен, асқан парасатымен, даналығымен, шексіз шыдамдылығымен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына игі ісімен сіңіре білген әйел-аналар да аз емес.

ДАНАЛЫҒЫ ДАРА ДОМАЛАҚ АНА

Домалақ ана қазақ даласына VII ғасырда жеткен Араб халифатының әскери өкілдерінен бұрын бейбіт мақсатпен келген, ислам дінін уағыздаушыларының бірі болған араб дегдарының қызы. Өзі де елді имандылыққа шақырып, жас кезінен сәуегейлігімен танылған. Осындай игі ісімен, тартымдылығымен Бәйдібек бабамыздың назарына іліккен.

Ел аузында ол кісі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Соның былай өрбиді: «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұриле:

– Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды құма, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз», – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетті.

Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіренге дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілден барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек. Осылайша ел анасы жалғыз отағасына емес, барша елге даналығымен дараланған. Домалақ ана ел арасындағы ұшыққан дау, асқынған араздықтың бейбіт шешімін табуға үлес қосқан. Ел билеген азаматтардың өзі кейбір келелі мәселелерді шешерде Домалақ анамен кеңесіп отырған. Домалақ анадан тараған ұрпақтарының бәрі де біліммен, ақылымен көзге түсіп, ел билеген.

ХАЛҚЫНА ҚҰРМЕТТІ ҚАРАКЕМПІР АНА

Шежіре дерегінде Кіші жүз Қыдырсықтан – Шеркеш, одан

– Қосым, Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Қылышкескен туыпты дейді. Осылардың Қойысынан – Дербіс туады. Дербістің бәйбішесі Зылиха деген кісі, өңі қара болған соң «Қаракемпір» аталып кеткен көрінеді. Бүкіл Дербіс әулетіне ұйтқы болып, жөн үйреткен, жол көрсеткен адам. Дербіс батырдың бәйбішесі Зылихадан – Тоқтар, Базар, Қошқар, екінші әйелінен – Түрке, Шыңбай, үшінші әйелінен – Сатай, Сатылған туған. Дербістің осы үш әйелінен тараған ұрпақтан жөн сұраса «шеркешпіз, оның ішінде қаракемпіріміз» дейді. Сөйтіп, Қаракемпір ру атына шыққан.

Қаракемпір туралы айтылатын қария сөз көп. Бірде әлімнің ел қамымен жүрген жақсы-жайсаңы жолаушылап келе жатып Сағыз бойында отырған Дербіс батырдың үйіне тап болыпты. Дербіс батырдың өзі үйде жоқ екен, сыйлы қонақтарға жақын жерден алдыра қоятын малдың реті болмай, Зылиха сол жерде күйеуі Дербіс батырдың жауға мінетін екі атының бірін сойып, қонақтарды құрметтеп аттандырыпты. Әлімнің жақсы-жайсаңы былай шыққан соң «Апырай, Дербістің құты үйіндегі Қаракемпірі екен ғой!» деп таң-тамаша болысыпты. Содан, Дербіс батыр үйіне келеді. Бәйбішесі Зылиха: «Әлімнің алты жақсысы келіп еді, ақтабан атыңды сойып құрмет көрсеттім», – депті. Сонда, Дербіс батыр: «Әлімнің алты жақсысына құрмет көрсеттім дегенше, мені алпыс жауымнан құтқардым десейші!» – деген екен. Қаракемпірге халықтың құрметі сияқты ел ішінде тартылатын «Қаракемпір» атты күй бар.

ӘЛПЕШ АНА ӨСИЕТІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Найман әулетіне дұшпан жолын тауып елге жойқын шабуыл жасапты. Тұтқиылдан тиген жау ерек кіндіктің қырғындай қырып, қарт Найманның төрт ұлын көз алдында өлтіріп кетіпті. Найманның Тоқбан ұлынан Әлпеш (Ақсұлу, Мәзбүра деп те айтылады) деген келіншегі жесір қалады. Әлпеш үйсін Дулат бидің қызы болса керек. Шабылған әулет пен қорғансыз қарт Найманның ауырталығы енді Әлпештің иығына түседі. Сол үміт жетегімен Әлпеш төркін жұртына барып, туысқан сіңлісі Гүлшені Найманға айтырып алып қайтады. Гүлше бір ұл табады. Бұл кезде Найман шаңырағының бас иесі болып отырған Әлпеш алты алаштың басын қосып, ақ түйенің қарынын жарып, ұлан-асыр той жасайды. Осы тойда үйсін Дулат би:

– Найман – қаны араласқан қадірлес құдам еді, мына нәресте артында қалған белгі ғой, атын Белгібай қояйық дейді. «Балаға ат қою жолы біздікі еді, Найман атамның Таңірден өкіріп жылап жүріп тілеген баласы ғой, атын Өкіреш қоямыз, – деп арғындар да тілек білдіреді.

Қазақтың бүгінгі қалың рулы елінің болашағына осылайша Әлпеш ана сеп болып, әулетіне ұйытқы болыпты. Найманның кіндігінен тараған ұрпақ жиырма шақты ауыл болғанша «жат болып кетпесін» деп, енші бермей, мал-жанын ортақ ұстатыпты дейді. «Байдың малы ортақ болсын, батырдың жаны ортақ болсын, шебердің қолы ортақ болсын, шешеннің тілі ортақ болсын, балуанның күші ортақ болсын, біреуге біреу зорлық жасамасын!» деген өсиет осы Әлпеш анадан қалыпты деген сөз бар.

Серік АҚМЫРЗА, тілші qazaly.kz/kogam

АНАЛАР, МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН!

Иә, әрбір сәби анасынан шыр етіп түсіп, жарық дүниенің есігін ашқан мезгілден бастап, жер ананың тұнық ауасымен тыныс алып, тынышталып оның әлдіне бөленіп, мейіріміне кенеліп, бір алланың жетегіне ару ананың етегіне орала жүріп, аяқ басып ат жалын тартып мініп, тәлім-тәрбие алып, ата-бабаның салт-дәстүр, үлгі өнегесімен сусындап, осы бір теңдесі жоқ мерейлі, ақ көңілмен аялы қамқордың арқасында адам санатына қосылып, табиғи заңдылығы бойынша ұрпақ жалғастығын, өмір ұшастығын жасайды емес пе?

Сол бір теңдесі жоқ, ақжарқын, ақкөңіл мейірбан аналардың ой-пікірімен санасып, көңілін тауып, ананың ақ жүрегінен орын ала білу, жеткіншек ұл-қыздарымыздың анаға деген адал да шынайы махаббатының бет-бейнесі, өлшеусіз сый-құрметінің жарқын көрінісі болмақ.

Ананың асыл сөздерімен қатар, беймәлім мұңды көздері шаттанып жаудырай күліп, жадырап көңілді жүрген бақытты кездерімен бет-бейнесі, бәрі-бәрі бала жүрегінен мәңгілік орын алып, орныға түсері ләзім. Әрбір адамның өткен өмір мектебінен алған сабақ, тәлім-тәрбие, ұлағатты ұғымдар ұрпақ үшін өмір бойы рухани азық болып, қисынсыз кезіккен қиындықтан жол тауып, жығылғанда тұрғызып, сүрінгенде сүйейтін және үлкен адамгершілікке ие болу, қасиетті қазақи салт-дәстүрімізді өмірде жүзеге асыру сияқты осының барлығы да абзал аналардан бастау алып, жалғасын табары да тауып келгені де өмір шындығы, теңдессіз уақиға осы бір жүрек жарды шағын әңгімеміздің арқауы болып отырған уақиға жыл сайын асыға күтіп қарсы алатын жайдары да жарқын аяулы да ардақты әркез жанарынан жылулық нұры төгіліп, ұлағатты сөзінен ұлылық көрінетін абзал аналардың дәстүрлі көктем мерекесі 8-Наурыз мерей тойы да келіп жетті. Жан-ұяның шам-шырағы, ақ жүрек, абзал ана, ардақты жар, сіздерді құттықтай отырып, зор денсаулық, баянды бақыт, қажымас қайрат, ұзақ ғұмырлы болып, ойлаған арман тілектеріңіз өз орынын тауып, орындала бергей! Әрбір басқан қадамдарын өзгеге үлгі етіп, айналасын ізгі ниетпен қастерлеп, өнегелі өмір ұстанымдарын өз орталарына паш етіп жүрген, осынау аброй иелерін және балдай тәтті қыздарыма құрметпен бас иіп, төмендегі жыр шумағымды арнадым.

Мерей тойын-Аналардың
Шат күлкісін-Балалардың
Тыңдайықшы бөбектердің
Анаға арнап салған әнін.
Мерей тойы-Аналардың
Келтіреді тойдың сәнін
Аналардың игі істерін
Ұрпақтарға жалға бәрін
Той иесі-Аналарым
Гүлдендірдің аула бағын
Сол гүлдерің аман болсын
Жарқын болғай болашағың
Мәңгіліксің-Аналарым
Гүл-жазира сая бағым
Шаршасаңда қол жеткіздің
Артыңа енді қарамағын
Сенімді ақтадың бүгін
Анашым жаным, анашым күнім
Мерей тойыңда жадырап күлші
Өмірдің ұмыт, сынағын, жүгін.

Қожа Қазанұлы, газеттің арнаулы тілшісі.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, АСЫЛ АНА!

Ана – ардақты да аяулы жан. Өмірден білгені мен түйгені мол ардақты аналарымыз отбасының құт-берекесі, ақылшысы. Сабырлы мінезімен ерекшелене білген бүгінгі біздің кейіпкеріміз Тайынша қаласының тұрғыны Абдрахманова Майра Мұхамбетқалиқызы.

Жаны жайсаң асыл ана жолдасы Бағдат Ғазизұлы екеуі өмірде 3 бала тәрбиелеп өсірді. Үлкендері Айгүл, Ботагөз, Динара үшеуіне де жоғары білім беруге жағдай жасаған ата-ана балаларынан зор үміт күтті. Ата-ананың үмітін ақтаған балалар бүгінгі таңда өз алдына отау құрып, әр еңбек саласында қызмет атқаруда, немерелері де өсіп келеді. Зейнет жасына жеткен Майра апайымыз балаларының қызығын көрер шақта жолдасынан айырылып, жалғыз қалғанына қатты толғанады. Отбасында 3 қыз әкеден не бары әкесінің 45 жасында айырылып, ананың аялы алақанын көргенімен, әкенің ақылын, еркелетер сөздерін өмірде аңсап өтті. Аналары әкелерін жоқтатпай, бала тәрбиесін өз қолына алды.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Майра Мұхамбетқалиқызы сонау 1977 жылдан бастап өзінің біліміне, мамандығына сай Тайынша элеваторындағы астық зертханасында еңбек жолын бастады. Сол жылдардан бастап отбасындағы бала тәрбиесімен еңбекті қатар алып жүріп, өмір жолындағы қиындықтарды жеңе білді. Зейнет жасына келсе де еңбек етіп, жастарға ақыл-кеңесін беруден тайынбайтын қайсар ананың жемісті де жеңісті еңбек жолы бағаланып, бірнеше рет жоғары марапатқа ие болса, осы өңірге сіңірген адал еңбегі үшін «Еңбек ардагері» төсбелгісі өз иесін тапты.

Адам өзінің атқарған ісімен, жасаған еңбегімен бағаланады. «Еңбек түбі – береке» демекші, еңбек ырыс пен құт-берекенің бұлағы. Ал біздің қоғамда еңбек адамдарының орны жоғары. Оларға көрсетілетін



құрмет те ерекше. Осы бағытта кейіпкеріміздің еңбегін жоғары бағалай отырып, алдағы өміріне қызықты күндер мен қуанышқа толы сәттер көп болсын деп тілейміз! Көктем мерекесі, аналар күні құтты болсын!

ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН ҒАЛИЯ....



Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі – оның қолөнері. Бұл өнер – ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық мәдениетіміздің ажырамас маңызды бөлігі. Қолөнермен ата-бабаларымыз сонау көне дәуірден айналыса бастаған. Шеберлер ұлттық қолөнерлер бұйымдарын жасау арқылы елдің этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген. Бұл күні жүйке жүйесі ұсақ іске шыдамды, керісінше сол істен шабыт алатын, он саусағынан өнер тамған шеберлеріміз жетерлік. Олар көбіне қоғамнан тысқары, саяқ жүреді. Жақында сондай шебер қолдың иесін кезіктірген болатынбыз. Ол жерлесіміз – Ғалия Тілеубайқызы. Тайынша ауданы, Келлер ауылының тұрғыны Ғалия осы қолөнер түрімен айналысып келеді. Ол гипстен әртүрлі мүсіндерді ерекше ықыласпен жасайды. Оның қолөнерге деген сүйіспеншілігі бала кезінен басталса да, бұл өнерге бір ай көлемінде кіріскенін айтады.

"Қол өнермен шұғылдану да шеберлікпен қатар, төзімділікті талап етеді. Бала күнімнен бір нәрсені көрсем, соны жасап шығаруға асығатынмын. Үйде отырып мүсін жасап, қолөнермен айналысуға кірістім. Мұндағы мақсатым – қолымнан келген өнерді барымша көрсетіп, қолөнер жұмыстарын насихаттау. Одан бөлек, тоқыма тоқуды да, тігін тігуді де меңгергім келеді», - дейді Ғалия.

Ғалия Тілеубайқызы 1988 жылы 24 қарашада Монғолия елінде, Ногоо-Нуур ауылында дүниеге келген. Әкесі Тілеубай, анасы Күлдән. Ол бүгінде жолдасы Аликбек екеуі 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген бақытты ата-ана. Отбасын құрғандарына 12 жылдан асты. Ғалияның үш бауыры бар екен.

Кейіпкеріміз мүсін жасау қиын әрі күрделі өнер екендігін айтады. Ол бүгінгі ұрпаққа қолөнердің бұл түрін насихаттап қана қоймай, болашақта бұл өнерді дамытқысы келетіндігін жеткізді.

«Болашақта мүсін жасау өнерін дамытсам деймін. Алайда, мұның бәрі қаражатқа келіп тіреледі. Негізінде, мүсін жасау үшін көп құралдар қажет. Яғни, сұйық желім, сұйық май, сабын, сым, крахмал, бояудың әр түрі қажет. Одан бөлек, цемент, гипс, құм қосып жасауға болады. Мұның бәрі біраз уақыт алады. Десе де, өзіме ұнайтын іс болғандықтан еш жалықпаймын», - дейді қолөнерші.

Қиялы жүйрік қолөнерші бұл өнер кез келгеннің қолынан келе бермейтіндігін жеткізді. «Бір мүсінді жасаудың өзіне көп уақыт кетеді. Оған шыдамдылық керек. Сондай-ақ, оған талантта болуы шарт. Себебі, бұл өнермен кез келген адам айналыса алмайды. Талантты еңбекпен ұштай алсаң, керемет дүние сонда ғана шығады. Айта кетерлігі, мүсіндерімді дайын қалыпқа құйып жасап көрмеппін. Барлығының өлшемін дайындап, өз қолыммен жасаймын. Соның ішінде, кигіз үй, сандық, торсық, жүрек, асық тағы сол сияқты мүсіндерім сәтті шыққан туындыларым деп ойлаймын», - дейді Ғалия шебер.

Сонымен қатар тапсырыстарда жан-жақтан келіп түсіп жатқанын жасырмады. Мысалы: «Тойбастарға», «Қалтаға» «Туған күнге», «Шілдехана тойына» көптеген тапсырыстар қабылдап жатқан Ғалияға сәттілік тілейміз.

Бұл жасалған мүсіндер расында шебердің дара қолтаңбасы іспеттес. Үйде отырып, қиын да қызық өнерді өрестетуге үлес қосып жүрген жерлесіміз бүгінде көп жастарға үлгі болары анық. Себебі, он саусағынан өнер тамған шеберліктің астарында біз білмейтін қаншама еңбек жатыр.

Сандуғаш Боранбаева,
Келлер ауылдық кітапханасының кітапханашысы.





muftyat.kz



Рамазан

Ораза кестесі

2024

Тижри 1445 жыл

ТАЙЫНША ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	05:08	06:40	12:36	16:24	18:23	19:55
2	Сейсенбі	12 Наурыз	05:06	06:37	12:36	16:26	18:25	19:57
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	05:03	06:35	12:35	16:28	18:27	19:59
4	Бейсенбі	14 Наурыз	05:00	06:33	12:35	16:29	18:28	20:01
5	Жұма	15 Наурыз	04:58	06:30	12:35	16:31	18:30	20:03
6	Сенбі	16 Наурыз	04:55	06:28	12:34	16:32	18:32	20:05
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:53	06:25	12:34	16:34	18:34	20:07
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:50	06:23	12:34	16:35	18:36	20:09
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:47	06:20	12:34	16:37	18:38	20:11
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:45	06:18	12:33	16:38	18:40	20:13
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:42	06:15	12:33	16:40	18:42	20:15
12	Жұма	22 Наурыз	04:39	06:13	12:33	16:41	18:43	20:18
13	Сенбі	23 Наурыз	04:36	06:10	12:32	16:43	18:45	20:20
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:34	06:08	12:32	16:44	18:47	20:22
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:31	06:06	12:32	16:46	18:49	20:24
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:28	06:03	12:31	16:47	18:51	20:26
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:25	06:01	12:31	16:48	18:53	20:29
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:22	05:58	12:31	16:50	18:55	20:31
19	Жұма	29 Наурыз	04:19	05:56	12:31	16:51	18:56	20:33
20	Сенбі	30 Наурыз	04:17	05:53	12:30	16:53	18:58	20:35
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:14	05:51	12:30	16:54	19:00	20:38
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	04:11	05:48	12:30	16:55	19:02	20:40
23	Сейсенбі	2 Сәуір	04:08	05:46	12:29	16:57	19:04	20:42
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	04:05	05:43	12:29	16:58	19:06	20:45
25	Бейсенбі	4 Сәуір	04:02	05:41	12:29	16:59	19:08	20:47
26	Жұма	5 Сәуір	03:59	05:39	12:28	17:01	19:09	20:49
27	Сенбі	6 Сәуір	03:56	05:36	12:28	17:02	19:11	20:52
28	Жексенбі	7 Сәуір	03:53	05:34	12:28	17:03	19:13	20:54
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	03:50	05:31	12:28	17:05	19:15	20:57
30	Сейсенбі	9 Сәуір	03:47	05:29	12:27	17:06	19:17	20:59

ЕСКЕРТПЕ:

10 сәуір – Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.**Ауызашар дұғасы:** Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым.

Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнәларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін **10 минут** ерте жабу.Пітір садақасы жан басына **640 теңге**.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.



Рамазан кестесін

MUFTIYAT.KZ сайты мен

MUFTIYAT APP қосымшасынан

жүктеп алыңыз



Call орталық 24/7

+7(707)233 30 30

БАС МҮФТИ КӘСІПКЕРЛЕРДІ РАМАЗАН АЙЫНДА АРАҚ-ШАРАП САТПАУҒА ШАҚЫРДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы биылғы Рамазан айының басталуына қатысты мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімі Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінің ғұламалар кеңесімен, пәтуа саласына жауапты ғалымдармен ақылдасқан. Нәтижесінде биылғы Рамазан айының басталатын күні бекітілген.

Ортақ пәтуаға сәйкес, қасиетті Рамазан айы 11 наурызда басталады, ал сәуірдің 6-сына қараған түн қасиетті Қадір түні болады. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі, - деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Сондай-ақ Бас мүфти кәсіпкерлерге үндеу жасады.

Кәсіпкерлерді мүмкіндігінше әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да сауапты істің бірі. Дүкендерде күллі жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса деген тілегімізді жеткіземін. Сондай-ақ барша халықтың ортақ игілігі үшін салынып жатқан жол, көпір, мектеп, мешіт, медресе, балабақша, спорт кешені сынды маңызды ғимараттарға аз да болса үлес қосып, белсенділік танытуға шақырамыз. Қасиетті айда шамасы келген кісілер мұндай сауапты әрі халыққа пайда тиетін істерге қолғабыс болып, қолдау білдірсе, нұр үстіне нұр болады

ҚАСИЕТТІ АЙДА ЖАҒДАЙЫ БАР АДАМДАР МҰҚТАЖДАРҒА КӨМЕКТЕСУГЕ ТИІС



ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Мейірімді, рақымды Алланың атымен бастаймын! Қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Ұстаған оразаларыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болғай! Рамазан айында жасаған игі істеріңіз сауаптан жазылып, Алла тағала елімізге, жерімізге береке жаудырғай!

Баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла тағалаға сансыз шүкіршілік айтамыз. Құрметті мұсылман бауырлар! Иман бұлағынан сусындай бастаған халқымыз мүбәрәк Рамазанда Алланың рақымына бөленуді үміт етіп, сауабы мол ізгі амалдарды атқаруға ниеттеніп отыр. Сіздерді бір ай бойы жалғасатын мұсылмандардың ұлық мерекесі – Рамазанның келуімен құттықтаймын! Рамазан мүбәрәк болғай! Рамазан – жалпыға ортақ ізгі амалдар маусымы. Ораза – тәрбие, сабыр, қайырымдылық, ізгілік мектебі. Рамазан – қайырымды жандар үшін үлкен мүмкіндік. Оразада жасалған Жаратушы Иемізге ұнамды әрбір қайырлы іс – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: «Адамдардың жақсысы – елге пайдасы тигендері», – деген. Адам қалай ниет етсе, сол мақсатына жетеді.

Әр пенде сауапты амалымен, тақуалығымен Алланың алдында дәрежесі артады. Жомарт, жанашыр азаматтарды, кәсіпкерлерді көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуге, мәселен, су тасқынынан үйсіз, шарасыз қалған отандастарымызға қайырымдылық жасауға, табиғи апат салдарынан бұзылған үйлерді жөндеуге қол ұшын беруге, жетім мен жесірге мейірімділік танытып, қараусыз қалған қарттарға көңіл бөлуге шақырамын.

Зекет беру – жағдайы келген (шариғат бойынша нисап мөлшеріне жеткен) мұсылманға парыз. Ал зекет берекелі Рамазан айында берілсе, оның да сауабы еселеніп жазылады.

Қасиетті айдың құрметі үшін азық-түлік, көкөніс пен тұрмыстық заттарға жеңілдік жасалып, Құдайы астар мен садақалар ауызашар уақытында ұйымдастырылса, тойлар ішіміздісіз өткізілсе, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына барынша жол берілмесе екен.

Сонымен қатар, көпшілік жұртқа оразаның әр күнінде бір жақсылық жасауды жоспарлап, осынау сауапты амалдарды ықыласпен орындауға, Алланың әрдайым бізге үздіксіз нәсіп ететін нұғметтерінен садақа беруге шақырамын. Ізгі амалдар Рамазаннан кейінгі айларда да жалғасын тапса игі. Рамазан – бірлік айы. Осы айда берілетін ауызашарлар ағайын-жұрттың арасын жақындастырып, игі іс-шаралар мен қайырымдылық акциялар халқымызды сенімі мен нәсіліне қарамай, ортақ мақсатқа үндейді. Бүкіл әлемнің Жаратушысы барша адамға: «Бөлінбеңдер», – деп бауырмал болуға бұйырған. Бірлігі күшті елдің берекесі артады. Бірлігімізге бекем болайық! Ораза нағыз, шынайы тақуалыққа жетелейді. Құранда Алла тағала: «Ей, иман келтіргендер! Күнәлардан сақтанып, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят), – дейді. Қымбатты жерлестер! Қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Қадірлі жамағат! Сауабы еселеніп жазылатын қасиетті айда жасаған амалдарымыз бен ізгі ниеттерімізді Алла Тағала қабыл етпей! Әмин!

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,

Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

Бұл бетте Қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінен үзінді жариялануына байланысты газетті аяқасты қалдыруға болмайтындығын ескертеміз.

РАМАЗАН – ОН ЕКІ АЙДЫҢ СҰЛТАНЫ, БЕРЕКЕЛІ ДЕ КЕШІРІМІ МОЛ АЙ!

Рамазан – үйіңе екі дүниенің берекесін әкелген ұлы қонақ. Бұл айда сауаптың бақшасында барлық жемістен терілуге мүмкіндік беріледі. Биылғы жылы Рамазан айы наурыздың 11-нен бастау алады. Осы орайда халықтың көкейінде жүрген сан сауалға Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы Зиятбек Ахметұлы жауап береді.

– **Зиятбек Ахметұлы, Оразаны кімдерге ұстау парыз? Белгілі бір жас мөлшері бола ма?**

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Ең бірінші, баршамызды оразаға аман-есен жеткізген құдіреті шексіз Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтау-мадақтар болсын! Біздің халқымыз ежелден рамазанды ерекше қастерлеп: «Он екі айдың сұлтаны», – деп атаған. Берекесі мол айда жарапазан жырын айтып, оразаның келгенін қуанышпен жеткізіп, насихаттаған. Ал ауызашар дастарханы рухани сұхбаттың, бата мен ізгі тілектің қайнары болған. Ауыз бекіткен адамды айрықша қадірлеп, оған ауызашар беру – бағзыдан келе жатқан салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз.

Таңғы сәресі әр шаңырақ үшін қуанышты сәт болса, кешкі ауызашар ағайын мен туысты, бір қауым елді имандылыққа ұйытқан, мерекесі мен берекесі үйлескен басқосу болатын. Аллаға шүкір, бұл игі дәстүр ғасырдан ғасырға жалғасып, жаңғырып келеді. Алғашқы мұсылмандар осынау мұбәрак аймен қимай қоштасып, ал келесі жылы құдды қырық жыл көрмеген қонағын күткендей құшақ жая қарсы алады екен. Өйткені бұл ай әрбір жанға иләһи мейірімнің бір сынығын сыйлайтын сауабы мол маусым. Алла Тағала оразамызды қабыл алып, елімізге тыныштық, отбасымызға амандық берсін! Амин!

– Иә, алғашқы сауалға жауап айтар болсақ, әрбір балиғат жасына жеткен ақыл-есі дұрыс адамға ораза ұстау парыз болып саналады. Балиғат жасы қыз балалар 9 жастан, ұл балалар 12 жастан болып саналады.

– **Оразаның дұрыс болу шарттары:**

– Оразаның дұрыс болуының шарттарына Рамазан айында таң атқаннан күн батқанға дейін су ішуден, тамақ ішуден және жыныстық қатынастан тыйылу жатады. Бірақ пайғамбарымыз (с.ғ.с) Өтірік айту мен жұртты алдауын қоймаған адамның ішіп-жеуді доғаруына Алла зәру емес»

Оразаны қабыл болған оразалардың қатарына енуіне септігін тигізетін амалдарға бір-бірлеріне зиян келтірмеу, өтірік, ғайбат сөйлемей жатады. Біреуді ұру былай тұрсын, адамға азар беретін сөздердің барлығынан аулақ болғаны дұрыс.

– **Ораза ұстаушыларға сүннет болған амалдар қандай?**

Бір жұтым су болса да сәресіде ішу. Алла елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) бір хадисінде: «Сәресіге тұрыңдар, сәресін жеуде берекет бар», – деген.

Күн батқан кезде намаздан бұрын дереу ауызды ашу. Ауызды құрмамен, яки тәтті бір нәрсемен немесе сүмен ашу – мұстахап. Намаздан бұрын ауызды ашып алу абзалырақ. Өйткені Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) аузын ашпай тұрып намаз оқымайтын. Ал тамақты намаздан кейін жеуге болады.

Ауыз ашар кезде дұға жасау. Пайғамбарымыз бұл жайлы: «Ауыз ашар кезінде жасалған дұға кері қайтарылмайды», – деген. Ауыз ашарда мына дұғаны оқу – сүннет: Оқылуы: «Аллаһумма ләкә сүмту уә бикә әәмәнту уә 'аләйкә тәуәккәлту уә 'ала ризқиқә әфтарту уә саумәл-ғәди мин шәғри Рамадана нәуәйтү, фәғфирли мәә қаддамту уә мәә аххарту». Мағынасы: «Алла Тағала! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Рамазан айының ертеңгі күніне де ауыз бекітуге ниет еттім. Сен менің өткен және келешек күнәларымды кешір».

Ораза ұстағандарға бір құрмамен немесе сүмен болса да ауыз аштыру. Жағдайы көтерсе тамақ берген әрине абзал. Өйткені Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә

сәлләм): «Ауыз берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген – ораза ұстаған адамның алатынындай сауап алады. Ауыз берік адамның сауабынан да еш нәрсе кемімейді», – деген.

Таң намазы кірмей тұрып жүніптік, хайыз бен нифастан тазарыну. Бұл жердегі мақсат – оразаға таза күйде бастау. Оның екінші себебі аузы берік кезде жуынған жағдайда ауызға су кетіп қалып, ораза бұзылуы мүмкін. Әйел адамның түнде хайыз бен нифас қаны тоқтап, жуынбастан ертеңгі күннің оразасына ниет етіп ораза ұстауға бастаса, оразасы жарамды. Сол секілді жүніп болған кісі жуынбай тұрып ораза ұстаса, ораза жарамды. Бірақ ораза бастамастан бұрын жуынып, тазарыну мұстахап болып табылады.

Тіл мен басқа ағзаларды күнәдан сақтау. Өсек-аяң, өтірік, ғайбат сөздерді айтпау. Негізнен, жайшылық кездердің өзінде мұсылман кісі мұндай жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауы қажет. Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Өтірік айту мен жұртты алдауын қоймаған адамның ішіп-жеуді доғаруына Алла зәру емес»

Ілім үйрену, Құран кәрім оқу, көп салауат айту, дұға оқу және құлшылықты арттыра түсу.

Сәресі мен ауыз ашарда қомағайланбау. Ораза кезінде қомағайланып, тыңқиып тойып алмаған жақсы.

Иғтикафқа кіру. (мешіттен шықпай құлшылық жасау)

– **Қандай жағдайда ораза бұзылады?**

– Ораза әдейілеп тамақ, су ішіп қойған жағдайда бұзылады.

– **Қандай жағдайларда ораза ұстамауға рұқсат етіледі?**

– Кімде-кім денсаулығы көтермейтін, науқас (созылмалы ауыру) және жолаушы болатын болса, сол кісілерге ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Бұл туралы Құранда нақтырақ баяндалған. Аяғы ауыр, бала емізетін әйелдердің ораза ұстауы баласына зиян келетін болса, сүт шықпай қалған жағдайда ораза ұстамауына болады.

Хайыз (етеккір) бен нифас; (бір әйел ораза кезінде етеккір көрсе немесе босанса ораза бұзылады. Мұндай жағдайда тоқтаған соң қазасын өтейді).

– **Рамазан айының оразасын басында үш күн, ортасында үш күн және аяғында үш күн ұстауға бола ма?**

– Рамазан айының оразасын басында үш күн, ортасында үш күн және аяғында үш күн ұстауға болмайды. Ораза толық 30- күн ұсталады.

– **Бір ай ораза үшін бір рет ниет ету жеткілікті ме? Әлде әр сәресінде ниет ету керек пе?**

– Ораза дұрыс болуының басты шарты – ниет ету. Оразаға күн батқаннан бастап, таң атқанға дейінгі уақыттарда ниет ету абзал. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: Кім оразаға түннен бастап ниет етпесе, оның оразасы жоқ» десе, тағы бір хадисінде «Кім оразаға таң атпай тұрып ниет етпесе, оның оразасы жоқ» деп, ораза ұстаушыға ниет етудің қаншалықты маңызды екенін ұқтырып, әрі түннен таң атқанға дейінгі уақыттарда ниет ету керектігін меңзейді.

– **Ұмытып ішіп-жеп қойғандардың оразасы бұзыла ма?**

– Ұмытып ішіп-жеп қойған жағдайда оразасы бұзылмайды. Сахих хадистерде пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім өзі ораза болып, ұмытып ішіп-жеп қоятын болса, оразасын толықтырып. Себебі Алла тағала оларды тағамдандырды және оны сусындандырды», – деп айтқан.

– **Ораза кезінде душқа түсуге және моншаға шомылуға бола ма?**

– Ораза кезінде душқа түсуге, өзен-көлге, бассейнге және моншаға шомылуға болады. Алайда өзен-көлге шомылған адам сол суға сүңгіген кезде мұрны арқылы асқазанға су түсіп кетуі мүмкін. Немесе байқаусызда су жұтып қоюы мүмкін. Ораза екені есінде болып, бірақ байқамай су жұтып қойды. Ол кезде бір күнге, бір күн ораза тұтып беруі керек. Сондықтан ораза тұтқан адам ораза кезінде ауыз ашып болғасын суға немесе моншаға

түскені абзал.

– **Ораза ұстаған адамға тіс пастасын пайдалануға рұқсат па?**

– Ораза ұстаған адамға тіс пастасын пайдалануға рұқсат. Бұл жайлы нақты хадис жоқ. Бірақ пайғамбарымыз (с.ғ.с) кезінде тіс пастасы мен тіс щеткасы болған жоқ. Бірақ мисуак (тіс күтіміне арналған табиғи, әрі пайдалы құрал) болған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) мисуакпен тісін тазалап жүретін болған. Мисуак адамға ешқандай қуат бермейтін болғандықтан, ешқандай тиым салынбаған. Алайда тіс пастасын пайдаланғанда ауызды шайып жатып, байқаусызда асқазанға су кетіп қалуы мүмкін. Сондықтан тісіңізді ауыз бекітіп алғанға дейін және ауызашардан кейін тазалап алғаныңыз дұрыс болады.

– **Әйелдер көпшілік жерге баратын болса, бетіне опа-далап, крем жағады. Бұл оразаны бұзбай ма?**

– Бұлардың барлығы оразаны бұзбайды. Және жалпы опа-далап, крем жағу асқазанға түспейтін болғандықтан, оның бетіне майларды жағу да оразаны бұзбайды. Сондықтан иіс су және басқа да бетті әрлегіш кремдерді пайдалануға болады.

– **Ораза ұстауға шын мәнінде шамасы жетпейтіндер болады. Олар не істейді?**

– Мысалы жасы үлкен кісілер қартайып қалдық. Бұдан кейін ораза ұстай алмаймыз. Бірақ оразаның сауабын алғымыз келеді деп ниет білдіріп жатады. Ораза ұстауға шамасы келмейтін кәрі ер мен әйелге ораза ұстамауға және оны өтемеуге рұқсат етілді, бірақ ұстамауға оразаның әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандыруға (пидия беруге) бұйырылды. Оның ақшасы азық-түліктің бағасына байланысты әр уақытта әр түрлі болады. Ол сол уақыттың бағасымен қаралады.

– **Ораза кезінде тіс жұлдыруға, емдетуге және екпе салдыруға рұқсат па?**

– Ораза кезінде тіс жұлдыруға болады. Тіс емдету үшін жергілікті анестезия (жансыздандыру) уколын салдыру да сол үкімде. Тек, тіс емдету кезінде ішке қан, дәрі немесе судың кетіп қалмауын қадағалауы тиіс. Кетіп қалған жағдайда сол күннің қазасын ғана өтейді. Ибн Абидин: «Рамазан айында тіс жұлдырып, ішке қан кетсе, мейлі ұйқыда болса да, сол күннің қазасы міндет болады. Сондықтан да, зәрулік жағдай туындамаса, оразаның бұзылып кету қауіпі болғандықтан Рамазан айынан кейін тіс емдеткен жөн болады.

Екпе салдыру Негізінде шарифат бойынша кез келген нәрсе табиғи жолдар (ауыз, мұрын, тік ішек) арқылы ішке кірсе, оразаны бұзады. Ал дене арқылы кірсе, оразаны бұзбайды.

Екпе (вакцина) – бактерия, вирус секілді микроорганизмдерден алынып, адам организміне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препарат. Ол қажетті азық немесе организмге қуат беретін дәрумен емес. Сондықтан адам денесіне (тері астына, бұлшық етке, жамбасқа, көк тамырға) инемен екпе егу оразаны бұзбайды.

Түйіндеме: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының хабарлауынша, Биыл Рамазан айы 30 күнге созылады. 11 наурыз алғашқы күні болса, 9 сәуір – соңғы күні. 10 сәуірде ораза айты басталады. Сәуірдің 5-сінен 6-сына қараған түні – Қадір түні. Биыл пітір мөлшері 640 теңге болып белгіленді. Пітір садақаның мөлшері Қазақстан бойынша 2 келі ұнның орташа бағасымен есептелді.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешір!

– Әңгімеңізге рахмет! Сұхбатты жүргізген:

 **Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Үлкен Тайынша таңы**

Ораза ұстаған адамдардың дәрежесі болады. Жалпы адамдардың оразасы, Алладан қорқынышы артық болған тақуалардың оразасы және тандаулы құлдарының оразасы. Жалпы адамдардың оразасы – тамақ. Су ішпей нәпсісін тыю. Тақуа адамдардың оразасы ол тамақ жемеу, нәпсісін тыюдан басқа құлақтарын, көздерін, тілдерін, қолдарын, аяқтарын жәнеде басқа ағзаларын жаман істен сақтау. Таңдаулы адамдардың оразасы дегеніміз, олар өздерінің жүректерін және ойларынада жаман ой кіргізбей, Алладан басқа зат ойламайды. Кейбір ғұламалар «Қанша адам оразамын деп жүр, бірақ ауыздары берік емес, қанша адам ораза емеспін десе де, бірақ ауыздары берік», – деген. «Оразамын» – деп аузы ашық болғандар олар күнә істеп шөлдеп ашығып жүргендер. Ораза ұстамай ораза болғандар тамақ су ішіп жүрседе, ағзаларын күнәдан тыйғаны үшін ораза деп аталған.

Ораза кезінде аштықтан денеміз әлсірегенмен, рухымыз шыңдалады. Қарны аш жүретін адамның халін өз басынан өткеріп түсінеді. Өзінің ішкі жан дүниесіне терең бойлайды. Бейпіл сөз, пайдасыз әңгіме айту, артық сөйлеудің зиянын ұғынады. Тіпті адамды «Ихсан» дәрежесіне көтереді. Жанында ешкім болмаса да, өзін Жаратушы иеміз көріп тұр деп қадағалайтындықтан оразаны бұзатын шарттардың шырмауынан өзін арашалайды. Өз дегенімен жүргісі келетін нәпсіге нені қаласа да ақырын жүріп анық басуды үйретеді. Сабырлық пен ұстамдылық, шынайылық пен тұрақтылық, сүйіспеншілік пен мейірімділік секілді құндылықтарды жинақтай отырып, Алланың кемел жаратқан пендесіне лайықты болуға жетелейді. Кемелдік шыңы өзіңді өзің тану. Өзін таныған адам бұл дүниеге келу мақсатын ұғынады. Мансап пен абырой, атақ пен

даңқ, байлық пен мал дүние негізгі мақсат емес екендігін, адамның өзімен бірге мәңгі болатын «иман» байлығының бақытын мықтап еске салатын да осы ораза. Адамдар көп жағдайда мәңгілік немесе өмір бойы деген сөзді көп қолданады. Мысалы, мәңгілік бірге болуды жазсын, өмір бойы бұл жақсылығыңды ұмытпаймын деген сияқты. Себебі, біздің рухымыз мәңгілікті аңсайды екен. Сол аңсары ауып тұратын мәңгілікке деген құштарлық істерді бұл дүниелік мақсатқа ғана емес, ахиреттік амалдарға жаратуды да осы ораза қалыптастырады.

Ораза тұтушы аштық халінде өзінің әлсіздігін сезінумен қатар, тоқтықта қадірін біле бермейтін қара су мен бір үзім нанның соншалықты құнды екендігін сезінеді. Сонымен қатар, ауыз ашар мезгілде құдды бір ыждағаттылықпен дәл уақытты күтуде де сабырлықтың нағыз үлгісін ұстанады. Қолбасшыдан бұйрық күткен қатардағы әскер секілді әлемдердің Раббысының рұқсат еткен уақытына тиянақтылық танытады. Демек, ораза айында сан қырлы сынақтарды (шөліккеу, аштық, ашуды жеңу, нәпсінің қалауы) бастан өткеріп, Жаратушымыздың ерекше сыйына қол жеткізу үмітін үкілейді. Ең ауыр дерт адамның ішкі жан дүниесінің бұзылуы болып табылатындықтан, осы рухани дерттердің емшісі ораза екендігін ораза ұстаған пенде жақсы біледі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өсиетінде айтқандай: «Шынайы мұсылман тілінен де, қолынан да өзгеге зиян келтірмейтін адам» болып қалыптастыратын ораза бізге берілген үлкен мүмкіндік.

Алла Тағала оразамызды қабыл алып, Құран мен сүннетке сай қайырлы іс қылуды нәсіп етсін!

ӨКІНІШ ДЕГЕН ӨТЕ АУЫР СӨЗ

Адамдар өмір бойы бақытты алыстан іздейді. Әйтеуір өзім жоқ жерде толып жатқан бақыт бар деп ойлайтындар нағыз бақыттың не екендігін ажырата алмай қалады-ау деймін. Білген адамға, өмірдің өзі, арайлы таңы мен нұрлы түнінің өзі бақыт емес пе! Жанында жүрген жақсы адамдардың әрқайсысы да таусылмас бақыт екендігін білмей қалатын шығар адамдар. Әсіресе, кез-келген нәрсеге өкінемін дейтін адамдарға қарап қатты ойланып қаламын. Олар бұл сөзді жай түсініспеушілікпен айта салатындай көрініп тұрады маған ылғи да. Себебі, өкініш деген өте ауыр сөз ғой. Жақын адаммен ренжісіп қалған сәттерді, жай өншейін қиыншылықтарды өкініш деп айта салатын адамдар расында да бұл сөздің қаншалықты ауыр екендігін білмейтін шығар. Әйтпесе, ешкім ешкімді өкініш әкелетіндей азапқа салмас еді ғой.

Біз, жаны сұлулыққа құмар адам баласымыз. Қанша қайратты көрінер азаматтардың өзі еркелікті сүйеді, ал нәзік жүректі әйел затына күн сайынғы махаббатың да аздық етеді. Себебі, біздердің жүрегіміз жайлылықты, көңіліміз сұлулықты аңсап тұрады. Бір ұққаным, қай кезде де адамдарға жақсылық жасауға, бір ауыз болса

да жылы сөз айтуға асық тұру керек екен адам баласы. Өмір деген сондай қысқа, қас-қағым сәтте не істеп, не тындырып қойғаныңды білмейсің, көп нәрсені ұғып қалуға да уақытың жетпейді. Қарбалыс, қарбалыс деп жүріп жаныңда жүрген қаншама игіліктерден құр қалады екенсің. Сонда да өкініш деп айтуға ешуақытта да асықпау керек.

Себебі, бұл өмірге адамдар бір-біріне өкініш әкелмейтіндей өмір сүру үшін келген. Сондықтан да бұл жаман сөзді басы аман, дені сау кезде қолданудың өзі күнә. Өмір бойы адамдарды сүйіп өтудің өзі тамаша сезім ғой. Жақсы көру сезімі де ұлан-ғайыр. Соның ішінде жаныңызда жүрген жақсы адамдардың жақсы екендігін, көркем мінезді, сұлу екендігін айта беріңізші, өміріңіздің қалайша өзгеріп кеткенін байқамай да қаласыз. Жүрегіңіз мейірім мен махаббатқа толғанда өкініш деген жаман сөзді мүлдем қолданбайсыз. Себебі, нағыз өкініш жақын адамыңның көзі кеткенінде, не ауыр науқас екендігін білгенде ғана туады...

Меруерт ӘБДІРАЙЫМҚЫЗЫ,
журналист, «Игілік».

ӘЙЕЛ ОТБАСЫНДАҒЫ ОРНЫМЕН ҚҰНДЫ

Қазақ халқы ертеден-ақ адамгершілікті ардақтап, ұлттық әдепті жоғары бағалай білген. Отбасында ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейтінін, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейтінін сезінген. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі, ал оның алтын қазығы – әйел.

Бүгінгі күні әйел заты қоғамдық мәселелерді шешуге, ұлттық саясатқа терең араласып, әрқашан да отбасы мен қоғам арасына байланыс орнатып, гармониялық үйлесім тапқысы келеді. Әйел мен ер тек отбасының ғана емес, қоғамның да қос қанаты. Сондықтан әйелдер ерлермен бірдей талабына сай өмірдің әр саласында белсенділік танытып, әр түрлі салаларда жұмыс жасап жатыр. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыста мемлекеттік қызметте 1602 әйел жұмыс істейді, ол барлық мемлекеттік қызметшілердің 45,55 пайызын құрайды. Оның ішінде 2 әйел саяси қызметшілер қатарында, яғни барлық саяси қызметшілердің 28,6 пайызын құрап отыр, сондай-ақ, «А» корпусында 1 әйел қызмет жасайды. Мемлекеттік қызметшілердің сандық құрамына жасалған талдау бойынша басшы лауазымдардағы әйел саны – 165, басқа да санаттар бойынша 1437 әйел мемлекеттік қызметте еңбек етеді.

Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған әйел – өмірдің мәні, тіршіліктің сәні. Олардың қоғамдағы, жалпы адамзаттың өмірінде алатын орны ерекше. Әйел алдымен отбасының ұйытқысы, ең бастысы «ана» деген киелі ұғымның иесі сұлулықтың символы. Қазір несің жасырайық, көптеген отбасыларында бар ауыртпалық әйел-аналардың басына түсіп тұр. Қазақтың дәстүрлі тіршілігінде түз – ердікі, үй – әйелдікі. Үйде жылылық болса ғана түзде тыныштық орнайтыны баршамызға белгілі. Өмірге әйел болып келгеннен кейін отбасын құрып, аяулы ана атану – міндет. Әр әйел өзінше бір әлем. Анасыз отбасының, мемлекеттің келешегін елестете мүмкін емес. Сондықтан болар, ата-бабамыздан келе жатқан ұлы ұғымда әйел мен отбасы ажырамас бірлікте болып келді және солай болып қалуы тиіс.

Қазақ тарихында, ұлт мәдениетінде, салтында, дәстүрінде әйел адамның, қыз баланың қоғамдағы орны ең алдымен отбасындағы орнымен қадірлі саналған. Олардың мемлекеттік қызметте, басшылықта, өзге де салаларда алатын орны мен абыройы өзгеше. Дегенмен, дамыған демократиялық елдердің құндылықтары, атап айтқанда әйелдерге қатысты саясатына еліктеуден гөрі, өзімізге жақын ұлттық саяси ұстаным, қазақ халқының білікті де нәзік саясаты дұрыс. Яғни, әйел адам қоғам үшін болашақ ұрпақты жалғастырушы ана, мемлекет өміріндегі жауапты қызметкер, отбасындағы аяулы жар екендігін біз ешқашан науқандық саясатқа айналдырмауымыз қажет.

Ақылды әйел қашанда отбасы мен қызметін бірге ала жүріп, әлемнің бесігін тербеуге мүмкіндік табады. Жар болу мен ана болу, мұның екеуі де әйел мерейін арттырады. Қандай жоғары лауазым иесі болса да, әйел әйелдігін, күйеу күйеулігін ұмытпағаны дұрыс. Сонда үй ішінде береке орнайды, береке-бірлік орнаған отбасы бақытқа кенеледі. Қымбатты аналар мен қыз-келіншектер!

Сіздерді шұғылалы көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйелдер ежелден жер бетіндегі тіршіліктің, сұлулық пен ғажайып құбылыстың символы, шабыт көзі болып табылады.

Нақ Сіздер ошағыңыздың сақтаушыларысыздар, мықты және тату отбасының, демек тұтастай мемлекеттің негізін қалап отырсыздар. Сіздердің бойларыңыздағы әсемдік, төзімділік, өмір жолында кездескен қиындықтарды табандылықпен жеңе білу, түсіністік және даналық, сүйе білу – уақыт пен дағдарысқа бағынбайын мәңгілік құндылықтар.

Ұлттың үздік қасиеттері кейінгі ұрпаққа аналарынан дариды. Біздің халқымыз ер адамды – үй иесі, ал әйелдерді – салт-дәстүрдің және ұлттық құндылықтардың сақтаушысы санайды” деп атап көрсеткенді.

Егемендік алған алғашқы күндерден бері Қазақстанда аналарды қолдауға, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға және гендерлік тепе-теңдікті қамтамамыз етуге айырқша көңіл бөлінуде. Бала туу және оның күтімі бойынша жәрдемақылар мен төлемдер мөлшері ұлғайып келеді.

Солтүстікқазақстандық әйелдер өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосуда. Олар денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ауыл шаруашылығы салаларында, өндірісте, бизнесте, саясатта, ғылымда, спортта және өнерде өздерін жақсы қырынан көрсете білуде. Сіздерсіз, аяулы арулар, ешбір саланы көз алдымызға елестете алмаймыз.

Ең бастысы, әйелдердің қолында – ел болашағы. Балаға өмір сыйлап және оны тәрбиелеу – бұл ұлы міндет.

Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық, отбасылық жетістіктер, шаңырақтарыңызға тыныштық пен жайлылық тілеймін!

Сіздердің өмірлеріңіз махаббатпен және адалдықпен көрікәйсін! Бақытты болыңыздар!

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, газет тілшісі.

ӘЛЕМДЕГІ ӘСЕМДІК СЫРЛАРЫ

Сұлулық – жан мен тәннің әсем үйлесімі. Әлемдегі Әсемдік пен сүйсіңділер сұлулық – әйел көркінде. Әйел мен әдемілік ұғымын бірге қарастыратынымыз да содан болар. Бүгінде дамып жатқан медицина, сұлулық индустриясы нәзік жандыларға сенімділік беріп, керікті болудың кілтін ұсынғандай. Әлбетте, қыз-келіншектердің өзіне күтіммен қарап, сұлулықпен қатар саулығын да назарда ұстағаны маңызды.

Бүгінгі таңда ең заманауи әдістер мен процедураларды ұсынатын дамыған сұлулық индустриясы осы мақсатқа қызмет етеді. Қазір әйел адамына қалағандай көріну ерте заманға қарағанда әлдеқайда оңай. Бірақ бұл дегеніміз сұлу болудың оңай жолмен берілетінін аңғартпайды. Бірақ сұлулыққа жету жолында астамдылық жасап, өзінің табиғи әдемілігінен ада болып қалған сұлулар да жоқ емес, бар.

Сырт келбетімізден қандай да бір кем – кетік көрсек, оның бірден алдын алуға бар жан дәріміміз қалмай, аяғында оны әдемі бірқалыпқа келтіріп аламыз. Ал адамдар, оның ішінде сұлулық символы – әйел қауымы сырт келбетке көбірек мән беріп, ішкі жан дүние, рухани болмысқа мән бермей жатады. Егер іштей нұрлансаңыз, ол нұр сырттан да сәулесін шашып тұратыны анық. Жиырмасыншы ғасырдың ең ұлы әйелдерінің бірі, француз ханым Коко Шанель айтқандай, «ұсқыңсыз әйел болмайды, керісінше өзіне күтім жасауға уақыт таппайтын жалқау әйел болады». Бүгінде сұлулыққа жаны құмар әйел адам сұлулық жолында түрлі процедураларды жасайды. Әйел адамның күтімі тек косметологиялық процедуралармен қатар, физикалық және психологиялық денсаулықтарына да мән беруі керек. Себебі кәрілік келген уақытта әйел адамның миы және денесі сергек қалыпта болса, өмірі ұзақ әрі ғұмырлы болмақ. Адам өзіне берілген аманат – денсаулыққа барынша адал болып, қиянат жасамауы керек. Табиғатынан адам баласы сұлулыққа құмар ғой. Сұлулық – біреу үшін жан тазалығы, біреуге сәнді киім, енді біреуге сыртқы келбет. Әлбетте, мұның бәрі бір-бірімен үйлескенде ғана сыртқы көрік ажарлана түспек. Сіздіңше, сәндену деген не? Сәнді киім кию, бояну, әтір ме? Жасандылықтан гөрі табиғи сұлулыққа әркімнің назары ауып тұрады анық. Осы ретте ерте ғасырлардағы әйелдердің күтімі жайлы сөз қозғағанымыз келеді.

Египет жері тек емдік мақсатта емес, сонымен қатар косметиканың негізі ретінде қолданылған табиғат дарыған май қоспаларына өте бай еді. Ежелгі Египеттің хас сұлулары бет әлпетінің тегіс әрі балғын болуы мақсатында жабайы апельсиннің майын бетіне жағатын. Дәл осы май целлюлиттен зардап шеккен дене аймақтарына да жағылды. Сусабындарға сандал ағашының майы қосылды, бұл шаштың өсуін жақсартты. Сандал майы әйел адамдардың тырнақтарының қаттылығын, беріктігін де қамтамасыз ету үшін ем еді.

Біріншіден, сандал ағашының майы антисептиктің орнын алмастырады, бұл оны дезинфекциялайтын құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Ол қабыну процестерін тоқтатады, ісінуді жеңілдетеді. Оның өткір иісі бактерияларды жояды. Келтірілген деректер сандал ағашының майын бүгінде медицинада қолданудың қажеттілігін көрсетеді.

Екіншіден, сандал ағашының майы теріңізді бос, салбыраудан сақтайды және оны табиғи бірқалыпта ұстап тұруға жағдай жасайды.

Үшіншіден, сандал ағашы майының жақсы тыныштандырғыш қасиеті бар. Май босаңсытады, тыныштандырады, бас ауруларын жеңілдетеді және бойдағы үрей мен қорқынышты жояды. Ароматерапияда сандал ағашының майын қолдану ежелден дәстүрге айналған. Сандал ағашының майын хош иісті ваннаға қосып, оны сүтте, көбікте немесе басқа эмульгаторда ерітуге болады. Сандал майы массаж кезінде де жиі қолданылады. Ол бірден сіңіп кетпейді, бірақ терінің жақсы қыздырылуына мүмкіндік береді.

Төртіншіден, майдың бұл түрі афродизиак тобына кіреді. Оның біздің эмо-цияларымызға әсері сонша, ол сезімталдықты жауап беретін белгілі бір гормондардың өндірілуіне ықпал етеді.

Бесіншіден, майдың ерекшеліктері туралы айтатын болсақ, бет ісінуін кетіру, пилинг пен безеуден құтылу – бұл табиғи өнім мұның бәріне едәуір жақсы ықпал етеді.

Алтыншыдан, сандал майын қолдану тыныс алу жолдарының ауруларына көмектеседі. Тамақ ауруынан жеңілдету үшін бірнеше ингаляция жеткілікті, тыныс алуыңыз анағұрлым жақсы қалыпта болады.

Бүгінде озон қабатының жұқаруына және климаттың өзгеруіне байланысты күн сәулесінің адам терісіне кері әсер беретінін ғалымдар дәлелдеп жатыр. Ерте ғасырларда түнгі жақпамайға қосылған 1-2 тамшы күнжіт майы теріні қартаюдан сақтап, жараларды емдеген және күн сәулесінен қорғаған. Ал қайызғақ пен құрғақ шашқа қарсы күресте харуа майы көмектесті. Харуа майы, әдетте бас терісіне жағылатын.

Бүгінгі таңда бізге қолжетімді кәсіби күтім болмаған жағдайда, косметолог ежелгі уақытта теріні таза, тегіс рельефті сақтап, әжімдер дәуірін қалай артқа шегіндіре алды? Енді қазақ әйелдерінің күтімі жайлы сөз қозғалық.

Біріншіден, бәрі органикалық әрі табиғи болды, Соның ішінде тамақ, ауа экологиялық тұрғыда таза еді. Екіншіден, адамның бойындағы биологиялық сағатқа сәйкес күн тәртібі сақталды. Олар таң атқанша ұйықтамай отырмады, қараңғы түсе бастағанда – ақ ұйқыға жатты, құланиекте тұрды. Бүгінде көп адам ерте оянуудың орасан зор пайдасы туралы айтады, тіпті таңертең оянуға және бірден сергек болуға үйрететін арнайы курстар да бар. Үшіншіден, әйелдер импровизацияланған құралдарды қолданды: бетке арналған бүгінгі жақпаның орнын қаймақ алмас-тырған. Бет ылғалдандырылғаннан кейін, бетті сүтпен және мөлдір, салқын сумен шайып, жуды. Олар арнайы «тазалану күндерін» ұйымдастырды, жеке киіз үйде жылы су құйып, дайындап, оған адыраспан, түймедақ, қызғалдақ сабақтары және басқа да шөп тектес өсімдіктердің қайнатпаларын араластырды. Адыраспанның қайнатпасы ұсақ жаралар мен бөртпелерді емдеуге арналған таптырмас құрал. Арнайы жуғыш зат ретінде мәдени өсімдіктерге жататын, асқабақ (Cucurbitaceae) тұқымдасының шөпті жүзім тұқымдасы люффа шөбі қолданылды.

Қол саусақтарының тырнақтары сынғыш болып келетіндер бұл майды тырнақтарын нығайту үшін қолданды. Бұл майлардың барлығы косметологияда және қазіргі әйел қауымына таптырмас көмекші бола алады. Екі ас қасық алоэ майы, 1 қасық бал араластырылған масканы ұйықтар алдында таза теріге жақсаңыз, әжімдермен күресуге көмектеседі. Теріні қатайту үшін сандал майынан маска жасауға болады. Сандал майы мен сүтті жақсылап араластырып болғаннан кейін, қоймалжың затты тоңазытқышқа шамамен 30 минутқа қоясыз. Содан кейін бұл маска бет терісіне 15 минутқа қалдырылады. Сандал майы өзінің қасиеттері бойынша терінің кез келген түріне жарайды және майлы теріге бейім безеулермен күреседі. Сандал майы құрғақ теріні нәрлендіреді және жұмсартыды, сондықтан күнделікті жақпамайларға бірнеше тамшы май қосуға болады. Жұмыс күнінен кейін демалып сергу мақсатында 5-6 тамшы сандал майын бір стақан сүтпен араластырып, жылы ваннаға ерітінді ретінде қосу жеткілікті. Сандал ағашының майын жүкті әйелдерге қолдануға болмайды және аллергиялық аурулары бар адамдарға сақтықпен қолдану ұсынылады. Әйел адамның басты сұлулығы – жан сұлулығы, оның ішінде жүрек тазалығы десек қалт айтпағанымыз.

Бағдат СҰЛТАНҚЫЗЫ,
журналист, «Ана тілі»

ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – жануарларды тіркеу, оның ішінде бірдейлендіру өнімдерін (құралдарын) пайдалану арқылы жануарларға жеке нөмір беру, таңбалау, оның ішінде ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтер базасында мәліметтерді беру және ветеринариялық паспортты беру рәсімі.

Жануарларды бірдейлендіру жануарлардың да, жануарлардан алынатын өнімдердің де қадағалануын қамтамасыз етеді, сонымен қатар эпизоотиялық қауіпсіздік пен азық-түлік қауіпсіздігін тек ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықтарға сату кезінде де қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – жануарларды тіркеу, таңбалау арқылы жеке нөмір беру және жануар мен оның иесі туралы мәліметтерді электронды дерекқорға енгізу рәсімі. Ереженің талаптарына сәйкес ҚР-ның аумағындағы барлық ауылшаруашылық жануарлары бірдейлендіруге тиіс. Заң талабына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлерінің төлдері туған күнінен бастап жеті күннен кейін он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі, тек таңбалау кезінде төлдер төрт айлық жастан бастап бірдейлендіріледі.

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары! Барлық жеке және заңды тұлғалар өз меншігіндегі ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге міндетті екенін естеріңізге саламыз. Ол үшін жеке тұлғалар жергілікті мал дәрігерлік пунктке алынған төл малдары туралы хабарлауы тиіс, ал шаруа қожалықтарының басшылары әр жылдың басында алдағы төлдеудің кестесін ұсынуы қажет. Жергілікті ветеринария мамандары мал иелерінің хабарламасы және төлдеудің кестелері бойынша өздеріне қызмет көрсететін аумақтағы малды анықтайды.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ҰСТАУ ЖӘНЕ СЕРУЕНДЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазақстанда үй жануарларын ұстаудың және серуендеудің үлгілік ережелері бекітілді. 2022 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің «Үй жануарларын ұстаудың және серуендеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 168 бұйрығы күшіне енді.

Ветеринария саласындағы заңнамаға сәйкес жануарларды ұстауға қойылатын талаптарға мыналар жатады: жануарлардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін, табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыратын, сондай-ақ жануарлардың ауруларының алдын алуды, диагностикалауды, емдеуді және жоюды қамтамасыз ету шарттары. Меншік иелері адамдардың немесе жануарлардың денсаулығына қауіп төндірмейтін немесе басқа да зиян келтірмейтін жағдайларды қамтамасыз етуі керек.

Ережеге сәйкес, үй жануарларын ұстауға рұқсат етілмейді:

- қоғамдық орындарда, бас бостандығынан айыру орындарында жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау саласындағы заңнама талаптарын бұза отырып;
- жалпы пайдалану орындарында (баспалдақ алаңдары, жертелелер, шатырлар, іргелес балқондар, лоджиялар және ортақ пайдалануға арналған қосалқы бөлмелер);
- іргелес аумақтарда (жеке тұрғын үй ғимараттарының іргелес аумақтарынан басқа);
- жатақханалардың асханалары мен дәліздерінде.

Үй жануарларын серуендеу кезінде келесі талаптар сақталуы керек:

- үй жануарларын серуендету жаяу жүретін жерлерде тұмсығы жоқ 2 м-ден аспайтын қарғыбаумен жүзеге асырылады, бұл кезде жануардың иесінің тұмсығы бар және қажет болған жағдайда оны итке кигізеді;
- жергілікті әкімдік белгілеген серуендеу орындарында итке дер кезінде тұмсық қорғау киіп, қарғыбаудың сәйкес ұзындығын реттейді;
- үй жануарларын басқаларға мазаламай немесе мазаламай серуендету;
- кешелерді кесіп өткенде, тас жолдардың жанында үй жануарына тұмсық қорғау киіп, 1,5 м-ге дейін қысқа қарғыбау киеді;
- ит иесі ғимарат ішінде болған кезде, егер халыққа қауіп төнбесе, қоғамдық тәртіп бұзылмаса, денсаулығына қауіп төнбесе немесе оның қозғалыс еркіндігіне кедергі болмаса, итті тұмсығында 1,5 м-ден аспайтын қысқа баумен байлап қойып ғимараттың жанында қалдыру.

Үй жануарларын қараусыз қалдыруға болмайды. Қадағалау мүмкін болмаса, үй жануарының иесі немесе жауапты тұлға:

- жануарды уақытша ұстау үшін үй жануарларына арналған панаханаға орналастырады;
- оны үшінші тұлғаларға уақытша қарауға қызмет көрсетуге береді;
- зоологиялық қонақүйге орналастырады.

Үй жануарын ұстауды жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда, иесі мен жауапты тұлға үй жануарын одан әрі орналастыру шараларын қабылдайды.

Тайынша ауданының тұрғындарын үй жануарларына жауапкершілікпен қарауды сұраймыз.

М. М. СОУЖИНОВ,

«Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК директоры.

***Жемқорлыққа Жол Жоқ!**

КҮДІКТІ ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында әкімдікке ведомстволық бағынысты ұйымның басшылығы бюджет қаражатын ұрлады деп күдіктелуде.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Петропавл қаласы әкімдігінің «Тазарту, су бұру және су өткізу құрылыстары» ШЖҚ МКК басшысы мен оның орынбасарына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады. Лауазымды тұлғалар 2020-2022 жылдар кезеңінде үлестес кәсіпорындармен дауыл желілерін реконструкциялау, сорғы станцияларын жөндеу және арнайы техниканы жалдау бойынша қызметтер көрсету бойынша жұмыстарды орындауға

жалған шарттар жасасу жолымен жалпы сомасы 258 млн теңгеге бюджет қаражатын жымқыру бойынша күдікті. Соттың санкциясымен күдікті қамауға алынды. Қылмыстық-процестік кодекстің 201-бабына сәйкес өзге ақпарат жария етуге жатпайды. Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына және Қылмыстық-процестік кодекстің 19-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін әрбір адам кінәсіз деп есептеледі.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет агенттігі.

«Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтары үшін тәртіптік жауаптылығы»

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілер өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауаптылықта болады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшінің тәртіптік теріс қылығы – мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы, кінәлі орындамауы немесе тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті бұзуы, сол сияқты мемлекеттік қызметте болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтамауы.

Тәртіптік теріс қылықтар әртүрлі сипатта болады, бұл мемлекеттік қызметшінің жасаған теріс қылықтарының салдарына, атап айтқанда, келтірілген материалдық немесе өзге де залалға байланысты.

Мемлекеттік қызметтегі өрескел теріс қылықтардың бірі – мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасау. Бұл мемлекеттік қызметтің имиджіне теріс әсер ететін материалдық немесе өзге де залал келтіру түріндегі теріс салдарға әкеп соғатын теріс қылық.

Статистика көрсеткендей, 2023 жылы 14 қызметкер беделін түсіретін теріс қылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 43% - ға артық болып табылады.

Бұл бұзушылықтарды көбінесе мемлекеттік органдардың басшылары жасайды, өйткені олар түпкілікті шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың тізбесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабында келтірілген.

Мысалы, бұл «өзінің материалдық мүдделерін немесе жақын туыстары мен жекжаттарын қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешуде

өзінің лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану», «жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға нақты кедергі жасау» және т. б.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін ең жиі жасалатын теріс қылық – «шешім дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық беру».

Тәжірибеге сүйене отырып, бұл орындалған жұмыстардың актілеріне нақты орындалмай қол қоюда, сондай-ақ орындалмаған жұмыстар үшін ақша аударуда көрінеді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган бұзушылықтарды бұдан әрі болдырмау жөнінде алдын алу шараларын қабылдайды, ал олар анықталған кезде қатаң шаралар қабылданады.

Осы теріс қылықтарды жасаған кезде мемлекеттік қызметшілерге қатысты тәртіптік жауаптылық, оның ішінде, атқарып отырған лауазымынан босатуға әкеп соғатынын есте ұстаған жөн.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық үшін атқаратын лауазымынан босатылған жағдайда мемлекеттік қызметшіге белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызметке кіруге тыйым салынады және уәкілетті мемлекеттік органда арнайы карточка қойылады.

Барлық мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бұзбауға және лауазымдық міндеттерін орындауға адал болуға шақырамын.

Мемлекеттік қызмет саласына қатысты қандай да бір проблемалық жағдайлар туындаған кезде, азаматтар Департаментке 46-58-89 сенім телефоны арқылы жүгіне алады, Департамент қызметкерлері өз құзыреті шеңберінде қойылған мәселелерді шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Дархан ЕРМЕКОВ,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің бақылау басқармасының бас маманы.

АУРУДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Онкологиялық ауруларды анықтауға арналған Скрининг-бұл қатерлі ісік пен қатерлі ісікке дейінгі ауруларды ерте анықтау бағдарламасы, оның көмегімен науқаста қатерлі ісік белгілері мен шағымдарсыз дамығанын анықтауға болады. Қазақстанда қатерлі ісіктерді ерте анықтауға скринингтің 3 түрі бар: жатыр мойны обырының скринингі (30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер арасында цитологиялық зерттеуге жағынды алу жолымен 4 жылда 1 рет жүргізіледі); сүт безі обырының скринингі (40 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер арасында 2 жылда 1 рет маммография жүргізу жолымен жүргізіледі); тоқ ішек обырының скринингі (ерлер мен әйелдер арасында 50 жастан 70 жасқа дейін 2 жылда 1 рет нәжістегі жасырын қанды анықтау жолымен жүргізіледі). Көрсетілген скринингтер тіркелген жері бойынша емханада немесе дәрігерлік амбулаторияда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кіреді.

Тегін скринингтен сіз тіркелген медициналық ұйымнан өте аласыз. Сүт безі скринингі:

Маммография-сүт бездерін рентген сәулелерімен тексеру. Бұл сүт безінің қатерлі ісігін немесе/және басқа да сүт бездерінің ауруларын ерте анықтаудың тиімді әдістерінің бірі болып саналады.

Тексеру нәтижелері: маммографиялық тексерудің нәтижелері сізді маммографияға жіберген учаскелік мейірбикеден білу керек.

Жатыр мойны обыры бойынша Скрининг:

Жатыр мойны обыры-әйелдердің кең таралған онкологиялық ауруларының бірі. Жыныстық өмірді

бастаған кез-келген әйел жатыр мойны обырымен ауыруы мүмкін. Ісік негізінен вирус (HPV) – адамның папилломавирусынан пайда болады.

Колоректальды қатерлі ісік скринингі

Тоқ ішек-бұл аш ішектің соңы мен анальды канал арасындағы ішектің бөлігі, ол өз кезегінде соқыр, тоқ ішек және тік ішекке бөлінеді.

Тоқ ішек қатерлі ісігі-бұл әртүрлі факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты кезең-кезеңмен жүретін процесс. Бұл қатерлі ісік ауруының пайда болуы үшін кем дегенде бір жылға созылатын бірнеше факторлардың өзара әрекеттесуі қажет екенін білдіреді.

Скринингтік тексерулерге қатысу нәтижесіз маңызды?

Скринингтік тексеру алғашқы алдын-алу әдісі ретінде қатерлі ісік ауруының алдын алуға көмектеседі. Қатерлі ісік шағымдар мен белгілерді басқа органдарға таралған кезде және оны емдеу күрделене түскен кезде ғана бастайды. Скринингтік тексерулерге шағымдар пайда болғанға дейін, ісікті әлі де емдеуге болатын және ісіктің дененің басқа бөліктеріне таралуын болдырмайтын кезеңдерде анықтау үшін бару керек. Тоқ ішек қатерлі ісігін скринингтік тексеру-бұл тоқ ішек қатерлі ісігін ерте кезеңдерде немесе оның пайда болуынан бұрын, яғни үлкен полиптері болған кезде қатерлі ісікке дейінгі жағдайларда анықтауға мүмкіндік беретін тиімді әдіс.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы
әкімдігінің 2021 жылғы 14 шілдедегі
№268 қаулысына қосымша
ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА БАРЛЫҚ
ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ
ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫ ОРНАЛАСТЫРУ
ҮШІН ОРЫНДАР

р/н №	Елді мекеннің атауы	Үгіттік материалдарды орналастыру үшін орындар
Абай ауылдық округі		
1.	Қарағаш ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қарағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақтағы стенд
2.	Калиновка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Калиновка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақтағы стенд
3.	Константиновка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Константиновка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақтағы стенд
Алабота ауылдық округі		
4.	Аққұдық ауылы	«Племзавод Алабота» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесінің ғимаратына іргелес аумақтағы стенд
Чкалов ауылдық округі		
5.	Петровка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақтағы стенд

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының
аумағындағы
барлық үміткерлердің сайлаушыларымен кездесу
өткізуге арналған үй-жайлар

№ р/с	Елді мекен атауы	Кездесулер өткізуге арналған орындар
1.	Қарағаш ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қарағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы
2.	Аққұдық ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Алабота орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы
3.	Чкалово ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №1 «Чкалов орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы

● Сайлау - 2024 ● Сайлау - 2024 ●

Шыққаннның орнына Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына
сайлау жөніндегі №8 аудандық сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

2024 жылғы 29 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі аудандық сайлау комиссиясының №8 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша атырысы өтті, онда Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидатты тіркеу туралы мәселе қаралды.

Аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидатты №8 бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша тіркеді:

Мереке Жақсылықұлы Хамзин, 1987 жылы туған, ұлты қазақ, "AMANAT" партиясының Тайынша аудандық филиалының төрағасы, СҚО Тайынша ауданы, Тайынша қ. тұрады. "AMANAT" партиясы " ҚБ ұсынылды.

№8 аудандық сайлау комиссиясы

Сайлау – 2024 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

ҚЫМБАТТЫ АНАЛАР МЕН АРУЛАР!

8 наурыз аналарымызға, әжелеріміз бен қарындастарымызға, жұбайларымызға қошемет көрсететін көктемнің ең нұрлы да жарқын мерекесі. Уақыт айғақтап отырғандай, биязы әрі сүйкімді, нәзік әрі сұлу құдай қосқан қосақтарымыз, сонымен бірге күшті де айнымас дос та бола білді. Бүгінгі таңда олар нәзік жаралған жандар ғана емес, жетістікке жеткен кәсіпкер әйелдер, кәсібилігі жоғары дәрігерлер мен мұғалімдер, құқық қорғау органдарының батыл қызметкерлері. Әйелдер әрқашан еліміздегі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімнің негізі бола білді.

Аяулы әйелдер қауымы, ауданның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосып жүрген орасан зор үлестеріңіз үшін, қажырлы еңбектеріңіз, көрегендіктеріңіз, төзімділік пен ізгіліктеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіргім келеді. Сіздерді халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, шын жүректен татулық, жақсылық, отбасыларыңызға амандық-саулық пен өркендеу тілеймін. Жайнаған жүздеріңізді әрдайым шаттық пен күлкі нұрландыра берсін! Ең асыл армандарыңыз орындала берсін! Мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты әйелдер!

Сәрсенбай БЕКШЕНОВ,

Тайынша аудандық мәслихатының хатшысы.

ҚЫМБАТТЫ АРДАГЕР АНАЛАР
ҰЖЫМДАҒЫ ӘРІПТЕС АРУЛАР!

Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі аналарға тән қасиет. Әйел-аналардың қадір-қасиетін құрметтеп отыруды парызымыз деп білеміз. Жылы шырайлы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен Сіздерді шын жүректен құттықтаймыз! 8 наурыз – аяулы аналарға тән әсемдік пен сұлулықтың, күллі әлемге шуақ шашқан мейірімнің мерекесі. Бұл мереке жалпы адамзатқа әйел затының отбасындағы рөлін айғақтатып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірдегі белсенді қызметін көрсетеді. Бүгінгі күні қоғамымыздағы Сіздердің қажырлы еңбектеріңізбен жасалып жатқан бар игілік пен жақсылықтар еліміздің баянды болашағының кепілі деуге толық негіз бар. Сондықтан да, еліміздегі аналарға деген қамқорлық пен қолдау үнемі күн тәртібіндегі негізгі мәселе болып қала береді. Мемлекеттік деңгейдегі қабылданып жатқан бағдарламалар мен заңнамаларда қамтылғандай әлеуметтік тұрғыда аналарға деген шынайы құрмет пен қамқорлық басты назарда. Бүгінгі таңда әйел-аналар, қыз-келіншектер экономикамыздың барлық саласында жұмыс істеп, басшылық қызметтің де бел ортасында жүр, мәселе шешуде жауапкершілік жүгін қоса арқалап келеді. Мерекелеріңізбен, ардагер аналар, әріптес арулар!

Д. Е. Ташетов,

«Тайынша агробизнес колледжі»

КММ директоры,

Г. Х. Асрандина,

Кәсіподақ комитетінің төрайымы.

ҚҰРМЕТТІ ӘЙЕЛДЕР МЕН АНАЛАР!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, көктемнің жайма шуақ мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Барлығымыз үшін бұл мереке – табиғат Ана оянуының және қуаныш пен үміттің нышаны. Көктемгі күн көзіңіз алғашқы шуақтары сияқты, сіздер, қымбатты әйелдер, айналаңыздағы барлық тіршілік атаулыны жылытып, нұрландыра түссіздер. Жаңа ғасырдағы қазақстандық әжелер мен аналардың алдында мемлекеттің жетістіктерін арттыру және Қазақстанды тек алға жетелеуге қабілетті ұрпақ өсіру сынды ұлы міндет тұр. Сіздер бір отбасын ғана емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер. Тәуелсіз Қазақстанымыздағы бейбіт тірлік пен бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз.

Қымбатты әйелдер! Сіздердің даналықтарыңыз бен махаббаттарыңыздың арқасында біз ең жоғары жетістіктерге қол жеткізетіндігімізге сенімдімін. Көздеріңіз қуаныш пен бақыттан жарқырап, жұмыстарыңыз бен өмірлеріңізде сәттілік, бейбітшілік, жақсылық, амандық-саулық үстем болсын! Аналарымыздың мерекесі құтты болсын!

Мереке ХАМЗИН,

"AMANAT" партиясы аудандық филиалы
төрағасының орынбасары.

ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕР АНАЛАР!

8 – Наурыз халықаралық әйелдер күні құтты болсын! Бұл мереке жалпы адамзатқа әйел затының отбасындағы рөлін айғақтап қана қоймай, олардың қоғамдық өмірдегі белсенді қызметін көрсетеді. Бүгінгі күні қоғамымыздағы сіздердің қажырлы еңбектеріңізбен жасалып жатқан бар игілік пен жақсылықтар еліміздің баянды болашағының кепілі деуге толық негіз бар. Бүгінгі таңда әйел азаматшалар экономикамыздың барлық саласында жұмыс істеп, басшылық қызметтің бел ортасында жүріп, мәселе шешуде жауапкершілік жүгін қоса арқалап келеді. «Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды» дегендей әйел-аналардың қадір-қасиетін құрметтеп отыруды төл парызымыз деп білеміз. Жылы шырайлы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз аяулы аналарымыздың, қыздарымыз бен әріптестеріміздің мерекесі. Осы ерекше күнмен Сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Осы мереке күніне байланысты менің жылы да шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар! Көктемнің осы бір тамаша мерекесі бізді қоршаған әйелдерге – жан-жарымызға, қыздарымызға, ең бастысы аналарымызға көңіл бөліп, қамқорлық көрсетуге тағы да бір мүмкіндік береді.

Бүгінде әйелдер табысты болмайтын қызмет саласы жоқ.

Құрметті аналар! Еңбексүйгіштіктеріңіз бен сезімталдықтыңызыз, күнделікті даналықтарыңыз, жанқиярлық еңбектеріңіз бен болашаққа қамқорлықтарыңыз үшін ризашылығымды білдіремін!

Анатолий РАФАЛЬСКИЙ,

Тайынша аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

«9-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ

Биыл 1 наурыздан «9-20-25» ипотекалық бағдарламасы іске қосылады. Бұл жайлы Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр мәлім етті. Айтуынша, бағдарлама республикалық бюджеттің қаржыландыруымен, «Отбасы банк» арқылы жүзеге асырылады.

Әзірге бағдарламаның шарттары туралы егжей-тегжей мәлімет жоқ. Дегенмен аты айтып тұрғандай, пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 9 пайыз, несиелеу мерзімі – 25 жыл. Ипотекаға қатысқысы келген азамат үй құнының 20 пайызы мөлшерінде алғашқы төлем жасауы керек. Бағдарлама жас отбасыларға арналуы мүмкін. Осыған дейін бағдарлама қатысушыларының қатаң тексері-летіні айтылған болатын. Бағдарламаның негізгі шарты – үміткердің соңғы бес жыл көлемінде атында баспанасы болмауға тиіс.

«9-20-25» бағдарламасы бойынша өтінім беру кезінде үміткердің атында соңғы бес жылда баспана тіркелмеген болуы керек. Біз мұны мемлекеттік деректер базасы арқылы тексереміз. «7-20-25» бағдарламасындағыдай – алған пәтерінді бүгін сатып жіберіп, ертең мемлекеттік бағдарламамен тағы да өтінім беру әрекеттері іске аспайды. Сонымен қатар жаңа бағдарлама бойынша бір рет қана өтінім беріледі. «7-20-25» бағдарламасында қатысу бойынша шектеу болған жоқ. Яғни 2019 жылы пәтер сатып алған азамат баға өскенін пайдаланып мүлкін сатып, 2021 жылы тағы да қатысуға мүмкіндік алатын. Енді жаңа бағдарламада мұндайға тыйым салынады.

КӨҢІЛ АЙТУ

Тайынша ауданының әкімі және әкімшілік ұжымы Еңбек ардагері, Тайынша ауданының Құрметті азаматы **Әлжан Орынбай Шайханұлының** қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына және жақындарына көңіл айтады.

КӨҢІЛ АЙТУ

Тайынша аудандық Ардагерлер кеңесі президиумының мүшелері еңбек ардагері, Тайынша ауданының Құрметті азаматы **Әлжан Орынбай Шайханұлының** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына және жақындарына көңіл айтады.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Тайынша таңы» газетінің ұжымы Еңбек ардагері, Тайынша ауданының Құрметті азаматы **Әлжан Орынбай Шайханұлының** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтады.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Тайынша аудандық агробизнес» колледжінің ұжымы Еңбек ардагері, Тайынша ауданының Құрметті азаматы, ауылшаруашылығы саласының маманы **Әлжан Орынбай Шайханұлының** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.

КӨҢІЛ АЙТУ

Аудандық білім бөлімі және Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы Еңбек ардагері, Тайынша ауданының Құрметті азаматы, ауылшаруашылығы саласының маманы **Әлжан Орынбай Шайханұлының** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 89 . Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.